



**Автор:** Оспанқызы Нұрбану

**Пән:** Қазақ тілі

**Сынып:** 7-сынып

**Бөлім:** Ғаламтормен дұрыс жұмыс жасау – мәдениет

**Тақырып:** "Гаджет" дегеніміз не?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Оқылым стратегияларын қолдану, іріктеп оқу, зерттеп оқу
Сабақтың мақсаты:	Негізгі ойды анықтап, жинақы мәтін жазады
Тілдік мақсаттар:	терминнің мағынасын ашады, әлеуметтік желі, ватцап, гаджет, инстаграмм
Күтілетін нәтиже:	мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, деректерді қолданады; -жинақы мәтін жазады
Бағалау критерийлері:	мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, деректерді қолданады; -жинақы мәтін жазады.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушы бойына еңбек, жауапкершілік, денсаулық, достық, өмір бойы білім алуға дайын болу құндылықтарын сіңіріп, жеке, жұппен, топпен жұмыс жасау білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу дағдыларын қалыптастыру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	информатика
Бастапқы білім:	Әлеуметтік желі, ғаламтор
"Гаджет" дегеніміз не?	жаңа сабақ

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	1. Ұйымдастыру 2. Үй тапсырмасы Ғаламтор туралы не білесің? Ғаламторды не үшін пайдаланасың? Тыңдалым мәтінін тыңдап, Ғаламтордың тарихы туралы не білдің? Мәтінге қандай ат қояр едің? Ғаламтордан қандай ақпараттар табуға болады? Ғаламтор қазіргі таңда қаншалықты дамыды? Ғаламтор арқылы нені білуге болады? Тұйық етістік дегеніміз не? Етістіктің қандай түрлері бар?	
Сабақтың ортасы (25 минут)	«Гаджет» дегеніміз не? Оқылым мәтінін оқу Гаджет дегеніміз- қазіргі таңда нақты мақсаты мен қызметі бар адам үшін пайдалы зат. Гаджет- электронды құрылғы. Гаджеттің ең көп таралған түрі- ұялы телефондар. Бұрын үлкен магнитофонның орнын кассеталы шағын плеер басты, Одан кейін «mp3» плеері пайда болды. Гаджеттердің ішіндегі көп қолданылатыны компьютер гаджеттері, уақыт гаджеттері, байланыс гаджеттері т.б. Шылаулар туралы мәлімет беру Шылау-сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын сөз табы. Септеулік, Жалғаулық, Демеулік деген үш түрі бар. Сөйлем мүшесі бола алмайды, сұраққа жауап бермейді. 5-тапсырма 6-тапсырма	аудиомәтін
Сабақтың соңы (5 минут)	Гаджеттің пайдасы мен зияны туралы ой қорытады	
Рефлексия (5 минут)	"111" стратегиясы арқылы кері байланыс жүргізу	